

Ерназарова Жулдыз Шарафиддиновна

**ҚАРТТАРДА КОГНИТИВТІК БҰЗЫЛЫСТАРДЫ
ЕРТЕ СКРИНИНГ-ДИАГНОСТИКАЛАУ
ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ЖАСАУ ЖӘНЕ ЕНГІЗУ**

медицина ғылымдарының магистрі дәрежесін алу үшін диссертация

6М110100 - Медицина


Ғылыми жетекші: м.ғ.к., доцент Ешманова А.Қ.

ЗЕРТТЕУДІҢ ӨЗЕКТІЛІГІ

Қазақстанда 65 және одан жоғары жастағы адамдардың үлесі 11%-дан асып, біздің де мемлекет әлемдегі "қартаюшы" мемлекеттер қатарына енді [UN: World Population Ageing 2013; Демографическое развитие Казахстана: состояние и перспективы, 2015].

Болжамдар бойынша, 2030 жылда әлемдегі әрбір алтыншы адам 60 жастан асқан адам болады, 2050 жылда Қазақстанда ол 25% үлесті құрайтын болады [Bloom, D.E., E. Jimenez and L. Rosenberg, 2014; 2015 ж. статистика мәліметтері].

Қартаюшы ғаламшар



UN: World Population Ageing 2013

Бірқатар аурулардың, оның ішінде нейродегенеративтік аурулардың қауіп факторы болып қарт жас табылады, ал 80 жастан асқандар үшін бұл негізгі қауіп факторы болып саналады. Болжамдар бойынша, нейродегенеративтік аурулар 2040 жылға қарай өлімнің басты себебі ретінде ісіктен де басым болады, деп күтілуде [Walter U., 2013].

Осыған байланысты, қарттарда когнитивтік бұзылыстардың ерте скрининг-диагностикасын жасау өзекті болып табылады.

ЗЕРТТЕУ МАҚСАТЫ

алғашқы медициналық-санитарлық көмек (АМСК - ПСМП) деңгейінде қарттарда когнитивтік бұзылыстардың ерте скрининг-диагностикасы технологияларын ғылыми негіздеу, жасау және енгізу.

ЗЕРТТЕУ МІНДЕТТЕРІ

- Адамның салауатты өмір жасын ұзарту үшін когнитивтік бұзылыстардың таралу жиілігін, қарт науқастарда когнитивтік бұзылыстарды диагностикалаудың заманауи ахуалын талдау;
- Алматы қ. АМСК деңгейінде қарт науқастарда когнитивтік бұзылыстардың кездесу жиілігіне зерттеу жүргізу;
- АМСК деңгейінде қарт науқастарда когнитивтік бұзылыстарды ерте скрининг-диагностикалау үшін алгоритм жасау;
- АМСК тәжірибесіне қарт науқастарда когнитивтік бұзылыстарды ерте скрининг-диагностикалау алгоритмін енгізу.

ЗЕРТТЕУ ДИЗАЙНЫ

Бірінші кезең:

- отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттерге, нормативтік құжаттарға шолу жасалды және когнитивті бұзылыстарды анықтау жолдары мен диагностика әдістеріне аналитикалық талдау жасалды.

Екінші кезең:

- зерттеу жұмысы – Медеу ауданы Думан ықшам ауданында №2 қалалық емханада 60 жас және одан асқан қарт адамдарға сауалнама жүргізілді, зерттеу нәтижелері сарапталды.

Үшінші кезең:

- қарттарда когнитивтік бұзылыстарды скрининг диагностикалау алгоритмі жасалды және №2 қалалық емхананың АМСК кабинеттерінің тәжірибесіне енгізілді.

ЗЕРТТЕУ ОБЪЕКТІЛЕРІНІҢ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ

Көрсеткіштер		Жынысы		Барлығы
		Ерлер	Әйелдер	
		N=338	N=662	
Жасы (ДДСҰ жіктемесі бойынша, 1963)	60-74 – қарт жас	270	499	769
	75-89 – егде жас	66	150	216
	90 + - ұзақ өмір сүрушілер	2	13	15
Білімі	Жоғары	45	75	120
	Орта маманданған	187	422	609
	Орта	95	119	214
	Бастауыш	11	46	57

Респонденттердің шұғылданған кәсібіне байланысты жіктелуі

Ой еңбегімен айналысқандар:

- мемлекеттік қызметкерлер;

Физикалық жұмыспен айналысқандар:

- жұмысшылар;
- әскери қызметкерлер;
- ауыл шаруашылық қызметкерлері

Жұмыс істемегендер:

- үй бикесі;
- жұмыссыздар.

Когнитивтік бұзылыстар үшін қауіп факторы болатын ауру – артериялық гипертензияның болуына байланысы

Жас тобы	Артериялық гипертензия				Барлығы N=1000	
	бар N=618		жоқ N=382		N	%
	N	%	N	%		
60-74 жас	443	57,7±0,52	324	42,3±0,51	769	76,9±0,51
75-89 жас	163	75,5±0,45	53	24,5±0,40	216	21,6±0,43
90 жас және одан жоғары	12	80,0±0,49	3	20,0±0,43	15	1,5±0,46

Когнитивтік бұзылыстар үшін қауіп факторы болатын ауру – қант диабетінің болуына байланысы

Жас тобы	Қант диабеті				Барлығы N=1000	
	бар N=126		жоқ N=874		N	%
	n	%	n	%		
60-74 жас	84	10,9±0,30	685	89,1±0,31	769	76,9 ±0,31%
75-89 жас	42	19,4±0,41	174	80,6±0,48	216	21,6 ±0,44%
90 жас және одан жоғары	0	0,0±0,0	15	100,0±0,0	15	1,5±0,0%

ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ

- **ақпараттық-аналитикалық** - отандық және шетелдік әдебиеттердің мәліметтері бойынша аналитикалық жұмыстарды жүргізу;
- **контент-талдау** - мәселе бойынша нормативтік актілерді талдау жүргізу үшін;
- **статистикалық** - SPSS бағдарламасында компьютерлік статистикалық өңдеудің стандартты пакеттері бойынша алынған нәтижелерді талдау үшін.
- **әлеуметтік** - сауалнама – 5 сұрақты қолдану арқылы когнитивтік бұзылыстардың бар-жоқтығын анықтау (ЛЭК №308, 28.02.2016).

Скринингке арналған 5 сұрақ


(Халықаралық MMSE (1975ж) тесттің негізінде бейімделген)

№	Сұрақтар	Бағаланатын белгі	Балл	
			Дұрыс емес	дұрыс
1	Қазір қай ай?	уақытқа бағдарлану	3	0
2	Қазір қай жыл?	уақытқа бағдарлану	4	0
3	Қазіргі кезде ҚР президенті кім?	жақында болған оқиғаға жады	4	0
4	ҰОС кезінде мемлекетті кім басқарды?	болған оқиғаларға жады	3	0
5	СІЗДІҢ пікіріңізше, біздің мемлекетімізде соңғы жылдарда қандай маңызды оқиғалар болды?	жақында болған оқиғаға жады	2	0
БАРЛЫҒЫ			16	0

0-2 балл	Қалыпты (толық және сапалы жауап берсе)
3-6 балл	Жеңіл когнитивтік бұзылыстар
7-16 балл	Едәуір когнитивтік бұзылыстар

ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ

байланысты когнитивтік бұзылыстар




■ қалыпты
■ жеңіл КБ
■ едәуір КБ


* - «60-74 жас» пен «90 жас және одан жоғары» жастағылар арасында едәуір КБ бойынша статистикалық сенімді айырмашылық;

- «75-89 жас» пен «90 жас және одан жоғары» жастағылар арасында едәуір КБ бойынша статистикалық сенімді айырмашылық;

Ерлер мен әйелдердегі когнитивтік бұзылыстар




Респонденттердің білім деңгейіне байланысты когнитивтік бұзылыстар



* - бастапқы білімі бар және жоғары білімі бар адамдарда едәуір когнитивтік бұзылыстар бойынша статистикалық сенімді айырмашылық

Кәсібіне байланысты когнитивтік бұзылыстардың кездесу жиілігі



- ой еңбегімен айналысқандар мен жұмыссыздар арасында едәуір КБ бойынша статистикалық сенімді айырмашылық

АГ «-» және АГ «+» адамдарда когнитивтік бұзылыстардың кездесу жиілігі

АГ - когнитивтік бұзылыстардың қауіп факторы	Когнитивтік бұзылыстар					
	Қалыпты N=727		Жеңіл КБ N=144		Едәуір КБ N=129	
	n	%	n	%	n	%
АГ «+»	417	67,5±0,49	102	16,5±0,46	99	16,0±0,42*
АГ «-»	310	81,1±0,46	42	11,0±0,43	30	7,9±0,41*, p<0,01

Ескерту: *- АГ «+» және АГ «-» адамдар арасында едәуір когнитивтік бұзылыстар бойынша статистикалық сенімді айырмашылық

Қант диабеті «+» және қант диабеті «-» адамдарда когнитивтік бұзылыстардың кездесу жиілігі

Қант диабеті - когнитивтік бұзылыстардың қауіп факторы	Когнитивтік бұзылыстар					
	Қалыпты N=727		Жеңіл КБ N=144		Едәуір КБ N=129	
	n	%	n	%	n	%
Қант диабеті бар	72	57,1±0,29	36	28,7±0,43*	18	14,2±0,34
Қант диабеті жоқ	655	75,0±0,28	108	12,3±0,47*, p<0,05	111	12,7±0,37

Ескерту: * - қант диабеті «+» және қант диабеті «-» адамдар арасында жеңіл когнитивтік бұзылыс бойынша статистикалық сенімді айырмашылық

АГ, ҚД оқшауланған түрі және АГ+ҚД қосарланған түрінде когнитивтік бұзылыстардың кездесу жиілігі

	Когнитивтік бұзылыстар					
	Қалыпты		Жеңіл КБ		Едәуір КБ	
	n	%	n	%	N	%
АГ	367	70,3±0,74	86	16,5±1,41*	69	13,2±0,92 [#]
ҚД	27	90,0±0,43	2	6,7±0,40	1	3,3±0,36
АГ+ҚД	45	46,9±0,75	34	35,4 ±1,62*, p<0,05	17	17,7 ±0,96 [#] , p=0,05
Бұл аурулар жоқ	288	80,2±0,61	41	11,2±1,54	31	8,5±1,31

Ескерту: * - АГ оқшауланған түрі мен АГ+ҚД қосарланған түрі арасында жеңіл когнитивтік бұзылыстар бойынша статистикалық сенімді айырмашылық

- АГ оқшауланған түрі мен АГ+ҚД қосарланған түрі арасында едәуір когнитивтік бұзылыстар бойынша статистикалық сенімді айырмашылық

ТҰЖЫРЫМДАР 1

1. Қарттарда когнитивтік бұзылыстар жас ұлғайған сайын жиі кездеседі;
2. Әйелдерде когнитивтік бұзылыстар ерлермен салыстырғанда 28,1% жиілікпен кездесті.
3. Білім деңгейіне байланысты когнитивтік бұзылыстардың кездесу жиілігі: **«орта арнайы»** білімді (жалпы КБ – 23,2%) және **«жоғары»** білімді адамдарда когнитивтік бұзылыстардың кездесу жиілігі (жалпы КБ – 26,7%) **«бастапқы»** және **«орта»** білімді респонденттерге қарағанда (сәйкесінше, 47,7% және 32,4%) **төмен**. **«Жоғары»** білімді адамдарда **«бастапқы»** білімді адамдарға қарағанда когнитивтік бұзылыстардың кездесу жиілігі **төмен** ($p < 0,01$).

ТҰЖЫРЫМДАР 2


4. Ой еңбегімен айналысқан адамдарда жалпы когнитивтік бұзылыстар 20,3%-ында кездесті, физикалық жұмыс істегендерде - 30,2%, жұмыссыздарда - 34,9% құрады. Ой еңбегімен айналысқан адамдарда жұмыссыздарға қарағанда едәуір КБ кездесу жиілігі төмен ($p=0,05$).

5. Когнитивтік бұзылыстардың қауіп факторы болып саналатын аурулар – АГ және қант диабетінің байланысын зерттеу: АГ«-» адамдарға (18,9%) қарағанда АГ«+» адамдарда (32,5%) жалпы когнитивтік бұзылыстар жоғары жиілікте кездесті. Едәуір когнитивтік бұзылыстар АГ«-» адамдарға қарағанда АГ«+» адамдарда жиі кездесті ($p<0,01$). Қант диабеті«+» адамдарда қант диабеті«-» адамдармен салыстырғанда, едәуір когнитивтік бұзылыс жоғары жиілікпен кездесті ($p<0,05$). АГ оқшауланған түрі мен АГ+қант диабетінің арасында жеңіл когнитивтік бұзылыстар бойынша ($p<0,05$) және едәуір когнитивтік бұзылыстар бойынша ($p=0,05$) статистикалық сенімді айырмашылықтар анықталды.

ТҰЖЫРЫМДАР 3

6. Жүргізілген зерттеу нәтижелері негізінде, когнитивтік бұзылыстарды АМСК тәжірибесінде ерте скринингтік диагностикалау алгоритмі жасалды және АМСК тәжірибесіне қолданысқа енгізілді (Алматы қ. Думан ықшам ауданында орналасқан №2 қалалық емханасы, №2 енгізу акті, 03.04.2017).

«АМСК деңгейінде қарт адамдарда когнитивтік бұзылыстарды ерте скрининг-диагностикалау алгоритмінің» схемасы



ҚОРЫТЫНДЫ

- АМСК деңгейінде қолдануға бейімделген, қарттарда когнитивтік бұзылыстарды ерте скрининг диагностикалау алгоритмі алғаш рет жасалды.
- жасалған алгоритмді АМСК деңгейінде қарттарда когнитивтік бұзылыстарды ерте скрининг-диагностикалау үшін тиімді қолдануға болатындығын зерттеу нәтижесі көрсетті.
- Қарттарда когнитивтік бұзылыстарды ерте скрининг диагностикалау алгоритмі Алматы қаласы "№2 қалалық емханасы" тәжірибесіне қолдануға енгізілді (№2 енгізу акті, 03.04.2017).

ЖҮРГІЗІЛГЕН ЖҰМЫСТЫҢ ТӘЖІРИБЕЛІК МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

- ❖ Алматы қ. Думан ықшам ауданының мысалында жүргізілген зерттеу нәтижесінде когнитивтік бұзылыстардың жасқа, жынысына, білім деңгейіне, кәсібіне, артериялық гипертензия, қант диабеті аурулары секілді қауіп факторларының байланысы зерттелді.
- ❖ АМСК деңгейінде қолдануға бейімделген, қарттарда когнитивтік бұзылыстарды скрининг диагностикалау алгоритмі жасалып, Алматы қаласы "№2 қалалық емханасы" ШЖҚ МКМ тәжірибеде қолдануға енгізілді (№2 енгізу акті, 03.04.2017).

ТӘЖІРИБЕЛІК ҰСЫНЫСТАР

1

АМСК тәжірибесінде 60 жастан асқандарда когнитивтік бұзылыстарды ерте анықтау және алдын алу үшін когнитивтік бұзылыстарды скрининг-диагностикалау алгоритмін жүргізу. Алгоритм бойынша когнитивтік бұзылыстар анықталған жағдайда коррекция жасау мақсатында міндетті түрде неврологқа жолдама беру.

2

АГ, қант диабеті бар қарт науқастарда когнитивтік бұзылыстардың үдеуін ерте анықтау үшін және алдын алу үшін когнитивтік бұзылыстарды скрининг-диагностикалау алгоритмін жүргізу.

3

АМСК және емханалардың гериатрия кабинеттерінің тәжірибесінде когнитивтік бұзылыстарды алдын алу және коррекция жасау технологияларын белсенді енгізу мен қолдану.

**ЗЕР САЛЫП
ТЫҢДАҒАНДАРЫҢЫЗҒА
РАХМЕТ!!!**

Магистрлік диссертация ҚазҰМУ Геронтология және гериатрия инновациялық ғылыми мектебінің гранты аясында жасалды